

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№23 (7860)

Жұма
10 маусым
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shyğady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

Құрметті денсаулық сақтау саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Дәрігер – адам жанының арашашысы, жер бетіндегі сан алуан кәсіптің ішіндегі ең ізгі, ең қастерлі мамандықтың иесі. Мұның өзі осынау шапағатымен, машақатымен қатар, қадірі мен қасиеті мол мамандықтың маңызын көрсетсе керек. Ал, оның иесі болу – үлкен мәртебе. Әрбір мемлекеттің басты байлығы, ол – оның азаматтары болса, әрбір адам баласы үшін байлық та, бақыт та – денсаулық. Олай болса, медицина қызметкерлерінің кез келген қоғамда алар орны қашанда ерекше. Әрбір азаматтың денінің сау болуы – сіздердің ерік-жігерлеріңіздің, білімдеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіздің жемісі.

Құрметті медицина қызметкерлері!

Ерен еңбектеріңізге, шипалы алақандарыңызға, мейірімді жүректеріңізге алғысымыз шексіз. Еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін. Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, күш-жігер, баянды бақыт пен жаңа табыстар тілей отырып, кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында биік асулардан көріне беріңіздер деген тілегімізді білдіреміз.

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы
Р.Әбеуов

Баспасөз-2022

Өмірімде өшпейтін ізі бар...

Адамның тағдырына тура келетін сәттер болады. Еске түседі. Әскерден оралған бозбаланы редакцияға қызметке шақыру мен үшін тосын болды. Сол 1974 жылдың күзінде солдат киімімен оралған мені тілшілік қызмет күтіп тұрғанын қайдан білейін. Мектепте шимай-шатпақ жазып, редакция қоржынына жолдап жүрдік. Әскерден келген бетте жастар бригадасында болып, жазып тұрдық. Соны ескерген болар, шақырту алдым. Тұрдық қызметке. Содан бері 47 жыл өтіпті-ау. Редакторым – Қасжан аға! Ақкөңіл жан. Мықты ұстаз, шын шебер – Смекең ағамыз. Осылай басталып еді. Маған өте-мөте ыстық қара шаңырақ.

Газет – ел шежіресі, ел тарихы. Мысалы, газеттің бір жылғы тігіндісін асықпай парақтап көріңізші. Қанығасыз, ел оқиғасына көз жүгіртесіз. Руханият әлеміне енесіз. Газет – әр оқырманның сырласы,

мұңдасы. Бір-біріне жанашыр. Қамқор!

Газетке жазылу – оқырманның өзі үшін аса қажет. Жаңалық үйіңізге өзі келіп тұрады. Асықпай оқып, ой қорытасыз. Өне, мықты кәсіпкер туралы жазыпты... әне, елдің атын шығарған спортшы жерлесіміз туралы жазыпты... Сын мақала көңіліңізден шығады. Газет беті үнемі ізгілікке үндейді.

Жаңа Қазақстан – жаңа үміттің бастауы. Өзгеріс өрлеуге, дамуға бастайды. Газетке жазылып, бір-бірімізді қолдайық! Тіл үшін күрес – үлкен жорық іспеттес. Тілді қолдау ана тілімізде шығатын баспасөзге жазылудан басталады. Әр отбасы 3-4 қазақ баспасөзіне жазылса, тілге құрметіміз болып табылады. Соның ішінде өзіміздің сырласымыз – «Ақтоғай ажарының» болуы қандай ганибет! Иске сәт, ағайын!

Оралбек Жүнісұлы,
Қазақстанның құрметті журналисті.

Аудан өмірінің айнасы

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

Ақтоғай аудандық «Aqtogai ajary» газетіне 2022 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр.

Газетке 6 айға жазылу бағасы:

**Жеке жазылушылар үшін – 1957,60 теңге;
мекеме, ұжымдар үшін – 2457,60 теңге.**

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайын!

Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Референдум –2022

Тағдыршешті тарихи сәт

Күні кеше ел тарихындағы елеулі сәт – Конституциялық реформа бойынша республикалық референдум өтті. «Ата Заңға өзгерістер енгізу реформаларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіреді» – деп Президент айтқандай, еліміз жаңару мен жаңғырудың жаңа сатысына қадам басқалы тұр. Мемлекет басшысы халық өз тағдырын өзі шешетіндей болуы үшін, мемлекеттің ісін барлық өлшем бойынша халықтың өзі айқындайтындай жағдай жасау үшін референдум өткізді. Негізгі мақсат – конституцияның 33-бабына енгізілетін өзгерістерді дауысқа салу. Ал, аталмыш бапта ел дамуына түбегейлі өзгеріс енгізетін тетіктер қарастырылған.

Мемлекетіміздің дамуына ықпалы бар маңызды шешім

Саяси науқаннан қалыс қалғандар некен-саяқ. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев

туралы оның баспасөз хатшысы Айдос Үкібай өзінің «Твиттер» парақшасында хабарлады.

Ал, аймақ басшысы Ж.Қасымбек

Қарағандыдағы Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясындағы №42 референдум учаскесінде дауыс берді.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Жұрт болып жұдырықтай жұмылып, болашақ үшін біркөксей дауыс берген саяси науқан жөнінде ғаламтордағы ашық деректер



№448-ші референдум учаскесінің ашылу салтанаты.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы ғимаратында орналасқан №59 референдум учаскесінде дауыс берді. Дауыс бергеннен кейін Қ.Кемелұлы отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізіп, барша қазақстандықтарды өтіп жатқан референдуммен құттықтады.

– Бүгін еліміз үшін шын мәнінде тарихи күн. Халқымыз бетбұрысты

шешім қабылдамақ. Ешқандай мәжбүрлік жоқ. Референдум жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылған, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Н.Назарбаев Конституцияға түзетулер мен толықтырулар енгізу бойынша референдумда дауыс берді. Бұл



Қарт сайлаушы Мәрия Ахметованың үй жағдайында дауыс беру сәті.

былай сөйлейді:

«Жалпы республикада 10 013 учаске іске қосылған. Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі 11 млн. 722 мың 536 адамды құраған. Дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны – 7 985 769

(Жалғасы 3-бетте).

Ел дамуының жаңа дәуірі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың референдум қорытындысы бойынша Қазақстан халқына жасаған үндеуі

Құрметті отандастар!

Кеше елімізде айрықша мәні бар тарихи оқиға болды. Мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Ата заңымызға ұсынылған өзгерістерді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Референдум жоғары деңгейде өтті. Мұны халықаралық және отандық байқаушылар да айтып жатыр. Конституциялық реформалар қоғамда қызу талқыланды. Дауыс беру барысы демократия талаптарына сай өтті. Ешқандай мәжбүрлік болған жоқ. Референдум нәтижесі саяси жаңғырудың анық символына айналды. Азаматтарымыз зор жауапкершілік танытты және отансүйгіштік қасиетін паш етті. Біз Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы бірлігіміз бекем екенін көрсеттік. Конституциялық түзетулер мемлекеттіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертеді. Бүкіл қоғамның дамуына тың серпін береді. Референдумға белсене қатысып, қолдау білдірген барша халқымызға зор ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, конституциялық өзгерістердің мән-маңызын түсіндіруге атсалысқан азаматтарға, түрлі қоғамдық ұйымдарға алғыс айтамын.

Референдум еліміздің тарихындағы маңызды шынайы өзгерістерге деген дайындығы мен ұйымшылдығын көрсетті. Дауыс беруге азаматтарымыздың белсенді қатысуы қоғамымыздың кемелдігі мен жауапкершілігін білдіреді. Сайлау учаскесіне келіп, елімізді жаңғырту бастамасын қолдағандардың бөріне алғыс айтамын.

Сіздер нағыз патриотизмнің үлгісін көрсетіп, Қазақстанның дәйекті дамуына зор үлес қостыңыздар. Еліміз үшін осы бетбұрысты сәтте заңды құқықтарын пайдаланып, өздерінің ұстанымдарын айтқан бүкіл азаматқа ризашылығымды білдіремін.

Ата заңға өзгерістер енгізу реформаларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіреді. Біз елімізді жан-жақты жаңғыртуды жалғастырамыз. Жанартылаған Конституция негізінде биліктің барлық институты қызметінің мейлінше тиімді моделін қалыптастырамыз. Олардың арасындағы үйлесім мен тепе-теңдік механизмін нығайтамыз. Дәйекті саяси жаңғыру ұлттық экономиканы дамытуға, ұлттық кәсіпкерлікті нығайтуға ықпал етеді.

Енді біздің алдымызда ашық әрі әділетті экономика құрып, заңнамаға реформа жүргізу міндеті тұр. Қолдан жасалған монополияларды түбегейлі жойып, сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою маңызды. Біз кәсіпкерлердің бастамаларына қолдау көрсетіп, жекеменшікті сақтап, бәсекелестікті күшейтуіміз керек.

Алдымызда экономиканы шынайы өртартапандыру бойынша ауқымды жұмыстар тұр. Жоғары өнімді ауыл шаруашылығы мен қуатты көлік-логистика жүйесін дамыту, барлық салада цифрлық экожүйе қалыптастыру үшін шаралар қабылдау қажет. Еліміздің орнықты дамуының негізгі қозғаушы күші еңбек, білім және азаматтық белсенділік болуға тиіс. Тек сонда

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Біз қоғамдық және әсеке құндылықтар жүйесін түбірімен жаңғырта білуіміз керек. Сонда ғана барлық салада түбегейлі өзгеріс жасай аламыз. Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету».

ғана өзін-өзі қамтамасыз ететін орта тап пен тиімді экономика қалыптастыра аламыз. Бұндай экономика кірісті әділетті бөлуге, сапалы жұмыс орнын ашуға, тұрмыс сапасын тұрақты арттыруға және барлық азаматтардың толыққанды жетілуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік аппаратты жаңғыртып, бюрократиядан барынша арылту үшін жүйелі жұмыс жалғасады. Біз қоғамның барлық өкілдерінің талап-тілектеріне жауап беретін озық мемлекет құруымыз керек. Басқару жүйесінің тиімділігі жұмыстың барысымен емес, түпкі нәтижемен өлшенетін болады. Мемлекеттік аппарат бизнеспен, үкіметтік емес ұйымдармен және азаматтармен тығыз жұмыс істеуге баса назар аударуға тиіс. Сол арқылы ел мүддесіне сай тиімді шешімдер қабылданып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасы жақсара түседі. Мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек.

Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқыңның алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз.

Конституциялық реформа бүкіл құқық саласын жаңғыртуға жол ашады. Парламент пен Үкімет Конституцияға енгізілген өзгерістерге сай Заңнамаға тиісті өзгертулер енгізуі қажет. Қазақстанда тиімді құқық қорғау және сот жүйесін құруға мүмкіндік беретін реформалар әзірленуге тиіс. Мұны әлемдік тәжірибені ескере отырып жүзеге асырған жөн.

Біз қоғамның және бизнес өкілдерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға сұранысы арта түскенін көріп отырмыз. Елімізге азаматтар мен кәсіпкерлерді барынша қорғайтын құқық жүйесі қажет. Заңнамада мемлекетіміздің тұрақты дамуын тежейтін ешбір кедергі қалмауға тиіс. Заман талабына сай келмейтін және күмән туғызатын нормалардың бөрі күшін жоюға тиіс.

Еліміздің экономикалық ресурстарын шағын ғана топтың қолына шоғырландырып, оларға артықшылық берген заңнаманы қайта қарау қажет.

Елден жылыстатылаған қаржыны және заңсыз жекешелендірілген активтерді мемлекеттің иелігіне қайтару жөнінде Мекемеаралық комиссия құрылды. Бұл үшін мен арнайы Жарлыққа қол қойдым.

Біз адам құқығы мен бостандығын қорғау жүйесін кешенді түрде күшейтуге негізделген бағдарымызды жалғастыра береміз. Құқықтық реформа аясында Конституциялық сот қайта құрылады. Оның қаулыларына жедел әрекет ету тетігін

енгізу қажет. Сонда азаматтарымыз осы аса маңызды институт қызметінің пайдасын сезіне алады. Жаңа, Әділетті Қазақстанда полицейлердің озбырлығына, біліксіз прокурорлар мен біржақты судьяларға жол берілмейді. Қоғам құқық қорғау және сот жүйесінің шын мәнінде өзгергенін қалайды.

Мен елімізді дамытудың осы және басқа да мәселелері бойынша нақты шешімдерді қыркүйек айында өтетін Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында айтамын.

Қастерлі Тәуелсіздігімізді, ел бірлігін және қоғамдық келісімді нығайту – біздің негізгі міндетіміз. Бұл реформалар құр атақ-абырой үшін қолға алынған жоқ. Мұның бөрі Жаңа, Әділетті Қазақстан құру үшін жасап жатырмыз. Халқымызда «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деген сөз бар. Бабаларымыз маңызды мәселені алқалы жиында шешкен. Мен осы дәстүрді жаңғыртып, Ұлттық құрылтай құру туралы бастама көтердім. Оған қоғамның түрлі топ өкілдері, беделді әрі белсенді азаматтар шақырылады. Құрылтайдың алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өткізіледі. Осылайша, азаматтардың мемлекет ісіне атсалысу мүмкіндігі арта түседі. Шын мәнінде, еліміздің тағдыры – өрқайсымыздың қолымызда.

Біз қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін түбірімен жаңғырта білуіміз керек. Сонда ғана барлық салада түбегейлі өзгеріс жасай аламыз. Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал, ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету. Әрбір азаматымыз саяси өзгерістер мен экономикалық өсімнің жемісін көруі қажет. Құрғақ уәде мен бос сөз ешқайда апармайды. Мен үшін нақты іс пен шынайы өзгеріс бөрінен маңызды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бар күш-жігерімді саламын.

Референдум қорытындысы біздің мемлекеттіміздің тарихында мүлде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Халқымыз өз таңдауын білдіру арқылы түбегейлі бетбұрыс жасауға ұмтылысын көрсетті. Жасампаз ел болуға деген ықылас-ынтасын байқатты.

Елімізді дамыту үшін әлі де көп жұмыс атқаруымыз керек. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мен бұған көміл сенемін. Бүгін тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында жаңа дәуірге жол ашылды.

Осы жолда біраіміз әрдайым бекем болсын!

Жаңа Қазақстанды бөріміз бірге өркендетейік, ағайын!

6 маусым, 2022 жыл

5 маусым еліміз үшін тарихи күн болды. Бұл тарихи күнге бей-жай қарай алмадым. Аудандық мәслихат депутаты ретінде өзім дауыс берген референдум учаскесіндегі халықтың пікіріне құлақ астым. Ел тарихындағы елеулі оқиғаға қарапайым халық та немқұрайлы қарамайтынын байқадым. Себебі, референдумға келген халықтың қарасы қалың болды. Бірінші дауыс беруге талаптанған жастан еңкейген ақсақалға дейін белсенділік танытты.

Батыл қадам

Аудан жастарының көшбасшысы ретінде түсінгенім — жастар «Жаңа Қазақстанды» құруға батыл қадам жасағандай. Референдумға келіп, өз таңдауын жасап, пікірін білдіріп жатқан белсенді жастардың көптігі көңіл қуантты. Олар «Жаңа Қазақстан», жарқын болашақ жастарға керек екендігін түсінген секілді.

Жалпы, халқымыз өзгеріске дайын екендігін, өзгерісті қалайтындығын байқадым. Бұл референдум әр қазақстандыққа өз пікірін білдіруге мүмкіндік бергенін, отандастарымыз мемлекетті басқару процесіне араласа алатындығын, халықтың дауысы естілетіндігін, ой-пікірлерін ашық айту, қоғамға үн қосу еліміздің жарқын болашағына, жаңа өміріне қадам жасайтын кездің ауылы алыс еместігін түсінгендей. Ең бастысы, халық Президентті қолдауда.

Референдум өтті, халық қолдады. Енді референдумнан кейін бізді не күтіп тұр деген сұрақ әр қазақстандықты ойландыратыны анық. Алдағы өзгерістер қоғамда ашықтық пен жариялылықтың орнауына, азаматтардың қауіпсіздігінің артуына, құқықтарының қорғалуы мен әлеуметтік жағдайының жақсаруына, ең бастысы, әлеуметтік әділеттіліктің орнауына жол ашуы тиіс. Елімізде биліктің қайнар көзі – халық деп танылғандықтан, республиканың негізгі заңын қабылдау кезінде халықтың ойы мен еркі ескеріледі. Халықтың қалауын негізге ала отырып, халық үшін қызмет ететін заң жобалары іске асады.

Осының барлығы да «Жаңа Қазақстанды» құрудағы алғашқы қадамдар. Қастерлі Тәуелсіздігіміз тұғырлы болған, ар мен намысымызға айналған рәміздерімізге 30 жыл толған кезеңде бүгінгі ұрпаққа берілген аманаттың салмағы ауыр екендігін көрсетеді. Жаңғыру мен жаңашылдықты бастау қиын емес, тек оны мақсатты шыңына шығару қиын. Ол үшін баршамызға бірлік, тыныштық, ауызбіршілік қажет.

Қанат Мұсаханов,
Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты, аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясының депутаттық фракция жетекшісі.



Бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев үстіміздегі жылы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын жариялады.

Президентіміз бұл Жолдаудың мән-маңызы айрықша екендігін, ауқымы кең, мазмұны бөлек, жаңа Қазақстан құрудағы биік мақсаттарға негізделгенін жеткізді. Сонымен қатар, халыққа бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек екенін нақтылады. Жолдауда Қазақстан Республикасының жүйесіндегі кейбір кемшілік тұстары және алдағы уақытта ешқандай заңсыз іс-әрекеттерге жол берілмейтіні туралы баяндалды.

Енді Президент және тағы бірқатар билік өкілдері партия мүшесі бола алмайды. Бұл – еліміздегі барлық партиялардың бірдей деңгейде болуына ықпал етеді. Президенттің өкілеттілігі де өзгеріске ұшырамақ. Парламенттің ролін арттыру қолға алынды.

Жаңа Қазақстанды құру туралы Жолдаунегізінеліміздегісыбайлас жемқорлықтың тамырын кесуге бағытталған. Сондай-ақ, Сенат пен Мәжілістің жұмыстарына да жаңа бағыт қойыламақ. Яғни, сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізілмек. Соған сәйкес заң қабылдау құқығы Мәжіліске ғана тиесілі болады.

Президентіміз өз Жолдауында жергілікті өзін-өзі басқару, бұқаралық ақпарат құралдары, әкімшілік-аумақтық құрылым бойынша нақты қадамдарды ұсынып отыр. Ендігі мәселе тек қана жаңарған елдің жаңа азаматтары ретінде

барлығымыздың осы Жолдаудың орындалуын қамтамасыз етуімізде.

Жан-жақты дамуға бағытталған түрлі жолдарды ұсына келе, Қ.Кемелұлы: «Геосаяси ахуалдың қатты ушығып кетуіне байланысты Қазақстан қазіргі тарихымызда болып көрмеген қаржылық-экономикалық қиындықтарға тап келіп отыр. Әлемдік нарықта белгісіздік пен тұрақсыздық өршуде. Өндірістік және суаду жүйелері күйреп жатыр. Бірақ соған бола байбалам салуға негіз жоқ. Біздің елімізде ауқымды дағдарысты еңсеруге қажетті резервтер мен амал-тәсілдердің бәрі бар», – деді.

Үкімет дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын тез арада жүзеге асыруға міндеттеді. Ең алдымен ұлттық валютаның тұрақ-тылығын қамтамасыз ету керектігі тапсырылды. Тізе берсек, тізгінделетін іс көп. Жолдауда қарастырылған мәселелер кезең-кезеңімен іске асқан кезде еліміз өркендеп, ұшпаққа шығатыны анық. Ол үшін баршамыз аталмыш Жолдауды жұдырықтай жұмыла қолдауымыз қажет.

Г.Метайқызы,
Ақтоғай ауылдық Аналар кеңесінің мүшесі.

Жаға тағайындау



1982 жылы 3 қарашада Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай селосында дүниеге келген. 1989 жылы Ө.Бөкейхан атындағы мектепке 1 сыныпқа барып, 1999 жылы осы мектептің түлегі атанған. 1999 жылы Балқаш қаласындағы кәсіптік-техникалық лицейіне оқуға түсіп, 2000 жылы секретарь-референт мамандығын алған.

2005 жылы Қарағанды қаржы институтының Банк колледжінің «Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығын оқып бітірген.

2019 жылы «Болашақ» академиясы ЖММ Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын сырттай тәмамдаған. Еңбек жолын 2001 жылдың ақпан айынан маман ретінде бастап, 2004 жылы қаңтарынан бастап Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінде кіші ғылыми қызметкер қызметін атқарған.

Отбасылы, 3 баласы бар.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Е.Жумакеновтың №115-а Бұйрығымен Игебек Индира Даулетбекқызы 1 маусым 2022 жылдан бастап Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейі КМКК басшысы лауазымына тағайындалды. Игебек Индира Даулетбекқызы

Тағдыршешті тарихи сәт

(Соны. Басы 1-бетте).

немесе референдумға қатысушы азаматтар санының 68,05 пайызын құрады. Сонымен қатар, Сыртқы істер министрлігі 52 шет мемлекеттегі елшіліктеріміздің жанынан 65 учаскелік референдум комиссиясын құрып, онда шетелде жүрген Қазақстан азаматтары дауыс берді.

Қарағанды облысында барлық 9 қала мен

Бірінші мәрте саяси науқанға қатысып тұрған жастарға арнайы сыйлықтар да табысталды. №448 референдум учаскесінде дауыс берген А.Мажитов осындай тарихи оқиғаға тұңғыш рет қатысып тұрғанын айтты: «Бұл маңызы зор тарихи сәт. Еліміздің болашағына ықпалын тигізетін саяси науқаннан қалыс қалғым келмеді. Бұл жерде әрбір

қазақстандықтың таңдауы, дауысы есепке алынатын болады деген сенімдеміз. Көңілде қуаныш та, қобалжу да бар», – деп өз ойымен бөлісті А.Мажитов.

Референдум еліміздегі маңызды белес болды

«Референдум еліміздегі маңызды белес болды. Ұлтымыздың шынайы өзгерістерге деген дайындығы мен ұйымшылдығын көрсетті. Дауыс беруге азаматтарымыздың белсенді қатысуы қоғамымыздың кемелдігі мен жауапкершілігін білдіреді. Сайлау учаскесіне келіп, еліміздің жаңғырту бастамасын қолдағандардың бәріне алғыс айтамын.

Сіздер нағыз патриотизмнің үлгісін көрсетіп, Қазақстанның дәйекті дамуына зор үлес қостыңыздар. Еліміз үшін осы бетбұрысты сәтте заңды құқықтарды пайдаланып, өздерінің ұстанымдарын айтқан бүкіл азаматқа ризашылығымды білдіремін.



Жас сайлаушы А.Мажитов дауыс беруде.

9 ауданда референдум учаскелері жұмыс жасады».

Жаңа дәуірдің бетбұрысты кезеңі

Референдум қорытындысы біздің мемлекетіміздің тарихында мүлде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Халқымыз өз таңдауын білдіру арқылы түбегейлі



Шауқубай кентіндегі № 474 референдум учаскесі.

Ақтоғайлық ағайын да аталмыш референдумда белсенділік танытты. Аудан бойынша жалпы 39 учаске тұрғындар үшін есігін айқара ашып, сағат 7:00-де ресми түрде бастау алды. Мемлекеттік әнұранымыз шырқалып, референдум учаскелері өз жұмыстарын бастап кетті. Саяси науқанға аудан тұрғындарының 85,2 пайызы қатысты. Өңір басшысы С.Әбеуова Ақтоғай ауылындағы №448 референдум учаскесіне болып, өз дауысын берді.

Оның 92,2 пайызы Конституцияның 33-бабына енгізілетін өзгерістерді қолдаса, 6,3 пайызы қарсылығын білдірді. Сонымен қатар, ауданымыздың 523 жас азаматы алғаш рет өз таңдауларын жасады.

бетбұрыс жасауға ұмтылысын көрсетті. Жасампаз ел болуға деген ықыласын байқатты.

Елімізді дамыту үшін әлі де көп жұмыс атқаруымыз керек. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Бүгін Тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында жаңа дәуірге жол ашылды. Осы жолда бірлігіміз әрдайым бекем болсын! Жаңа Қазақстанды бәріміз бірге өркендетейік, ағайын!», – деді президент Қ.Тоқаев референдум қорытындысы бойынша Қазақстан халқына жасаған үндеуінде.

Е.Айтжан.

Рухани жаңғыру

Ауданымыздағы орталық аурухананың тарихы тереңде жатыр. Есігін айқара ашып, елге қызмет жасағалы нешеме жылдардың жүзі өтті. Содан бері білімі мен білігі ұшасқан, берген аптына адал ақ желеңді абзал жандардың қаншама буыны ауысты. Еңбек жолын сол арадан бастап, табанды түрде қызмет ете отырып, саналы ғұмырын денсаулық сақтау саласына сарп етіп, зейнет жасына іліккендері қаншама. Алайда, әр дәрігердің алар бағасы әр алуан. Құбақан басының қамы үшін емес, қарапайым халықтың тән саулығы мен жан саулығы үшін күні-түні еңбек еткен, халықтың ыстық ықыласына бөленген жайсаң жандарды уақыт өзі екілеп, тарих сахнасына шығарады.

Сондай жанның бірі һәм бірегейі, аудандық ауруханада өз қолтаңбасын қалдырып кеткен Оразбек Рахымбеков. Өткен жұмада Оразбек Рахымбековтың есімі жазылған ескерткіш такта аудандық орталық аурухананың қасбетінен орын тепті. Ескерткіш тақтаның ашылу салтанатына аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов, аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов және дәрігерлер қауымы мен аудан тұрғындары қатысты. Аталмыш шараны аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов құттықтау сөзімен ашты:

– Ауданымыздың денсаулық сақтау саласы жөнінде сөз қозғағанда бірден көз алдымызға Оразбек Рахымбеков елестейді. Ол кісі саналы ғұмырында бар көргені мен білгені, көкөйіне түйгенін ауданымыздың денсаулық сақтау саласына сарп етіп, адам жанын ажалдан арашалау жолында аянбай

Есімі елдің есінде



тер төккен жан. Әлемде бірнеше ардақты да құрметті мамандықтар бар. Соның бірі және бірегейі дәрігерлер қауымы. Оларды «ақ желеңді абзал жан, адам жанының арашашысы» деп жатамыз. Қалай айтсақ та артық етпейді. Дәрігерді ұлықтау, құрметтеу – әр пәндінің азаматтық борышы.

1936 жылы бұрынғы Киров ауылы Жамбыл ұжымшарында дүниеге келген Оразбек Рахымбеков 1961 жылы Қарағанды медицина институтын тәмамдайды. 1963 жылы Ақтоғай аудандық орталық ауруханасының дәрігері, 1964-1996 жылдар аралығында орталық аурухананың бас дәрігерінің емдеу жөніндегі бірінші орынбасары болған Оразбек Рахымбековтың өткен ер еңбегі елшіп, уақытында бағасын алған. Ол әр жылдары «В.И.Лениннің туғанына – 100 жыл», «Еңбек ардагері», Ұлы Отан



соғысында тылда еткен «Ерен еңбегі үшін», 2015 жылы «Жеңістің 70 жылдығы», 2018 жылы «Астанаға – 20 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған. Соғыс

ардагеріне тенестірілген еңбек ардагері. «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» ғұмырнамалық жинақтар сериясы кітабына енген. Өзінің еңбекқорлығымен, алғырлығымен көзге түскен Оразбек Рахымбеков ілгеріде, Кеңес Үкіметінің тұсында-ақ «КСРО Денсаулық сақтау саласының үздігі» атанған.

Сегіз қырлы, бір сырлы, өнер мен білімді ұшғастыра білген жерлесіміздің мәңгілік мұрасын қадірлеу, қастерлеу – жас ұрпақтың борышы. Ақтоғай аудандық орталық ауруханасының қалыптасып, дамуына сүбелі үлес қосқан Оразбек Рахымбековтың есімі ел есінде жатталып, ерен еңбегі келешек ұрпақ үшін үлгі-өнеге болары сөзсіз, – деп Р.Әбеуов ғұмырнамасына қысқаша тоқталып өтті. Сондай-ақ, өз кезегінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов пен баласы Рымкүл Оразбекқызы ақжарма алғыстарын айтып, естелік әңгімелерімен бөлісті.

Мемориалдық тақтаны аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов және Оркеннің ұрпақтары атынан педагогика ғылымдарының кандидаты Гүлденсін Оразбекқызы ашты. Шара

соңынан Оразбек Рахымбековтің рухына арнап ұрпақтары ас берді.

Е.АЙТЖАН.



Жас өрендер жарады

Қазақ әлімсақтан бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Сол себепті де сан ғасырлық тәжірибесіне иек арта отырып «Ел болам десен – бесігінді түзе» дейді. Бала – жаңа бой түзеп келе жатқан жас шыбық секілді. Баулығаныңа қарай жемісін береді. Егер дер кезінде сұғарып, уақытында күтімін келтірсең, түбінде ол шыбық жапырағы жайқалған алып бәйтерекке айналары хақ. Кейін сол мәуелі ағаштың көлеңкесін саялап, жемісін жейтін боласың. Бағбанға бұдан артық не керек?! Ал, күтімді болмаған ағаш гүл жаймақ түгілі бой жазып өспейді де. Бала да сол секілді. Сондықтан да, бала тәрбиесі кез келген жағдайда бірінші кезекте тұру қажет. «Ат тұяғын тай басар». Бүгінгі жас өскін – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азамат. Осы мәселенің барлығын ескерген Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Қазіргі уақытта еліміздің түпкір-түпкірінде болып жатқан игі шаралар аталмыш жылдың күр сөз, құрғақ ұран емес екендігінің жанды дәлелі.

Мәселен, маусым айының 5-7-сі күндері аралығында Ортадересін ауылдық округі Бектауата шатқалындағы «Факел» қала сыртындағы балаларды сауықтыру лагерінде «Менің Отаным – Қазақстан» атты туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың облыстық слеті өтті. «Балалар жылының» аясында өткен параға аудандық, қалалық жалпы білім беретін мектептердің 7-8 сынып оқушылары қатысты.

Слет мақсаты – балалар мен жастарды азаматтылық пен отаншылдыққа баулу және экспедициялық жасақтардың туристік қызметін

жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Екі күнге ұласқан додада қатысушылар бірнеше кезеңнен тұратын сайыста өз командаларының намысын қорғады.

Бірінші – Өлкетану блогы. Бұл кезеңде сайысқа қатысушылар «Жас өлкетанушы», «Туған өлкенің соқпақтары», «Өшпес жұлдыздар» және «Халықтық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және өнер» номинациялары бойынша бақталастырды. Бұл сағыда аудан намысын қорғаған жас спортшылар «Туған өлкенің соқпақтары» аталымында III орынға ие болса, «Өшпес жұлдыздар» және «Халықтық дәстүрлер, әдет-ғұрып және өнер» номинациялары бойынша II орынды қанжығалады. Сондай-ақ, екінші кезең – туристік блогында балалар «Туристік кедергілер белдеуі» атты жарыста түрлі туристік кедергілерден өтіп, команда ұпайын еселеді. Соңғы кезең – шығармашылық блокта жасөспірімдер «Бард әндері» байқауында бақтарын сынға салды. Аталмыш сайыста сегіз қырлы, бір сырлы ақтоғайлық өрендер жүлделі III орынға ие болды.

Сонымен қатар, ауданымыздың жас өнерпаздары шара барысында өткен спорттық сайыстардың барлығына белсене қатысып, жүлделі орындардан көрінді. Атап айтсақ, дойбыдан өткен жарыста – III орын, үстел теннисінен – II орын алса, тоспа доптан өткен додада өзгелерден оза шауып, I орынға қол жеткізді.

Сонымен, екі күнге созылған «Менің Отаным – Қазақстан» облыстық туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының слетінде қай қырға салсаң да көсіле шапқан Ақтоғай ауданының командасы қазылар алқасының шешімі бойынша II орынға табан тіреді. Арнайы тағайындалған дипломмен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Е.Темірхан.



Жерлесіміз, күйші Аққыз Ахметқызының туғанына – 125 жыл

Қазақта «алтынның сынығы, жібектің үзігі» дейтін сөз бар. Оны айтып отырған себебіміз: өзіне дейінгі қазақтың ұлы өнері – қасиетті күйді ұлылардан қабылдап алып, соларды бар нақыш, өрнегімен кейінгіге жеткізген, шертпе күй деп жанрлық салаға бөліп жүргеніміздей, Арқаның сыршыл да тылсым күйлерін өзі де шығарған үлкен өнер иесі, қыруар шәкіртті баулыған, киелі өнердің шырақшысындай болған асыл текті, бекзада Аққыз апамызбен сәті түсіп, бір-екі рет жүздескен екенбіз. Ол кісі бізге ағайын Жүмекең (Жұматай Тәкішұлы) әкеміздің енесі еді. Нәсжан

Естуің бар шығар, Керней бабамыздан тарайтын Байсейіттің Нұрлан деген мырза баласын, міне, Ахаң тура сол Нұрланды жомарт болған ғой. Есінде жүрсін, айта кетейін, баласының тым жомарттығына разы емес Бәшекең Нұрлан жетектегіп жіберген жылқыны алып, кетіп бара жатқан адамдарды бір қырдың астында тосып тұрады екен де «Сендерге Нұрлан берді, маған кім береді?» – деп жылқыны тартып алатын көрінеді. Жиырмасыншы жылдардың соңында елде жаппай тәркілеу деген (ол кісі конфискация деп атады. – М. Х.) болды ғой, сонда Ахаңның қыруар жылқысын өз төңірегіндегілер қылдай бөліп алған. Солардың басым

оңалған сонау алпысыншы жылдардың өзінде де аса сақ болуы қатты ойлантты. Ол ол ма, күні бүгінге дейін, тіпті көптен күткен тәуелсіздікке қол жеткізсек те, күні кешегі зұлымдық, отарлау саясаты қаншалықты дәрежеде ұлтты мәңгірттікке бастағанын пайымдағанда тұла бойың тітіркенеді. Отаршылдықты, бодан елге билік жүргізуді мақсат тұтқан империя, бөрінен бұрын, ұлттық құндылықтарды жоюды мақсат тұтады. Тіліне, дініне, ділі мен ғасырлар бойы жасаған талғума өнеріне өктемдік жүргізсең, ол ұлт мәңгіртке айналады. Сондай қиянатты басынан өткерген жанның бірі Аққыз Ахметқызы еді. Жоғарыдағы айтылған

ма, анықтамаппын. Күй кетті аңырап. Әлде маған солай көрінді ме, кейіннен білсем, әлгі күй «Қосбасар» екен, өкінішке қарай, қазір Тәттімбетке де, басқаға да телініп жүрген бұл күй Аққыздың өз шығармасы екен, әйтеуір, мен сияқты өнерден алыстау адамға күйдің айтары көп екен, күй адамша жылап, күңіренеді екен, мына жарық дүниеге келген әр пенденің қонақ екенін, қонақтан қайтар уақыты да келерін, ендеше, өмірдің мәні мен мағынасын, мазмұнын әр жанның түйіндеуі керек екенін айтып берген силуты боп көрінді.

Әлі есімде, Аққыз апай домбыраны іргеге сүйеді де, бағанағы әңгімеге қайта

Жадымызда жаңғырады естелік

(Жүмекеңнің зайыбы) анамыз Аққыз Ахметқызының қызы болатын. Сонда қазақтың ата-тек шежіресінің қағидасына сүйенсек, Аққыз біздің атамен құдандалы. Сөз ретінде айта кетейік, Жұматай ақсақал екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан, тәртіп пен реттілікті ұнататын, өмірдің тауқыметі мен теперішін көп көргендіктен, еңбекке ерте араласқан жан болатын. Кеңес, партия органдарында лауазымды қызметтер атқарды. Ауылдық Кеңес төрағасы, жұмысшылар (кәсіподақ) комитетінің басшысы болды. Өмірдің өзі ерте есейткендігі ме, ата-анасынан тағдырдың жазуымен ерте айырылған жандарға шамасы келгенше жәрдемдесіп жүретін.

Ал, анамыз мол пішілген, қақ-соқта шаруасы жоқ, өсек-аяң, ұсақтыққа бармайтынаңқау да адал жан еді. Тәңірімнің сыйы болар, тәубе дейік, екеуі жақсы ұл-қыздарды дүниеге әкелді, лайықты тәрбие берді, оқытты. Нәсжан шешеміздің туған анасы болса да, Аққыздай қайталанбас өнерпаздың біздің ауылға іргеде тұрған Ақтоғай ауданынан жиі-жиі келіп тұрмауы біртүрлі оғаш көрінетін. 1967 жылы мен туған ауыл – «Кеншоқы» совхозында ауылдық Кеңес ашылды, төраға – Жұматай әкеміз, хатшы – мен. Бірге отырамыз, бір күні оңашада: «Аққыз Ахметқызы Сіздің туған енеңіз екен, бірақ ол кісі үйлеріңізге келмейді екен. Әлде атақ-даңқы зор адам болғандықтан, жиі келуді қолайлы көрмегені ме?» деп сұрағаным бар-ды. Жастау кезіміз, ненің парқы мен нарқын білмеуші едік... Жүмекең әкеміз үнсіз ұзақ отырды, әлден уақыттан соң: «Әлі жассың, ондай әңгімелерден аулақ болғаның жөн... Аққыздың менің енем екені рас. Бұл әңгімеміз туралы тісіңнен шығарма» деп алды да, төмендегідей жайттарды айтқаны есімде қалыпты. «Аққыз енем – біртуар, қайталанбайтын тұлға. Алланың әміріне, тағдырдың жазуына не шара. Ол кісі жастайынан-ақ өмірдің теперішін бір кісідей-ақ көрді. Әкесі Ахмет Арқаның айтулы байы болған. Тоқсан мың жылқы бітсе де, бір биесі құлындамай, қысыр қалғанына уайымдап, күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмейтін, өзгеге қайырымы жоқ кейбір жуандардай емес, Ахмет ағам жоқ-жітікке, тұрмыс тауқыметін көрген жандарға үнемі жәрдемдесіп отыратын, пейілі кең жан болыпты. Ол кісінің алдына барған жан бос қайтпайды екен.



бөлшегі күні кеше ғана Ахмет ақсақалдың шарапатын көргендер екен. Не істейсің, адамның жақсылықты тез ұмытатын әдеті ғой, әйгілі адамды аямақ түгілі, «әп, бәлем, саған сол керек» деп табалапты. Арада біраз уақыт өткен соң көкірегінде иманы бар бір жас жігіт Аққызға келіп: «Ахаңның көп жақсылығын көріп ем, жағдайдың осылай болғаны жаныма қатты батып жүр. Мына жылқымын қалағанын алыңыз, тұрмыстарың тым жүдеу екен» десе керек, сонда Аққыз: «Бәлен мың жылқыдай әкем Ахмет байды ұшпаққа шығармағанда, маған опа берер дейсің бе?» депті дегенді естіп ем. Ал, ол кісінің біздің үйге жиі келмеуі неліктен деген сауалыңа келсек, Аққыз енем замана қыспағын, өмір азабын көп көргендіктен, жуан тұқымнан шыққандықтан, үш әріптің бертіңге дейін бақылауында болған адам ғой, қырсығым осыларға тиіп кетер деп жиі қатысқанды дұрыс көрмеген сияқты.

Сонсоң және бір мәселе бар, Аққыз тым қарапайым, тәкаппарлық, менменсу ол кісінің табиғатына жағ. Осы мәселелерді айту арқылы біраз жайттың бетін аштымау деймін. Айтарым: аузына сақ болғаның жөн» деп аяқтаған еді әңгімесін. Сонан бері де талай жыл өтті. Осы уақытқа дейін таңырқайтын нәрселерім мынау.

Ызғырлықтың өңменіңнен өтетіндей беймезгіл уақыты өтсе де, тоталитарлық тәртіптің құрсау сені біршама сөгілсе де, аға буын өкілдерінің заман біршама

Жұматай әкеміздің әңгімесінен кейін менің пешенеме саңлақ өнерпаз Аққызды 2 рет көру жазылыпты. Бірі – 1976 жылы, екіншісі – 1983 жылы. Алғашқысында мектепте мұғалім (Кеншоқыда) болып жүрген кезіміз еді, кешке қарай үйге кетіп бара жатсам, Жүмекең жолға кетті, мені көріп: «Ақаң біздікіне келді, жүр» деген соң, ілесіп, сонда бардым. Алғаш көруім. Ақшыл түсті киім киген, көп сөйлемейтін адамдай әсер қалдырды. Әр қимылынан бекзаттық, тектілік пен ақсүйектік элементтері «мен мұндалап» тұрғандай көрінді. Көрші-қолаң, бала-шағаның аяғы сәл басылған тұста батылданып: «Бір күйіңізді орындап берсеңіз қайтеді?» деп өзіміне қолқа салдым. «Шырағым, осы сен жұрт арасында «Ғалым Хамаң», «Хакім Хамаң» деген атқа ие болған Хамза марқұмның баласы емессің бе?» дегенінде таңырқағаным сондай, басымды ізей беріппін. «Сенің әкең аздаған білімімен осы ауылда шатауат (счетовод) дегені екен. – М. Х.) болған, көкірегі даңғыл жан еді, ауызға алуға болмайтын қиссаларды қыстың ұзақ түнінде есікті мықтап жауып ап, ең сенімді адамдарына жырлап беретін» демесі бар ма? Тағы да: «Өттең, ерте кетті дүниеден» деп терең күрсініп еді. Содан соң ұзақ үнсіздіктен кейін домбыраға қол соқты. Осы уақытқа дейін өкінетінім, сол домбыра өзінікі ме, әлде Жүмекеңнің (ол үйден мен домбыра көрген жоқ сияқты ем) үйінің домбырасы

оралды, әкем туралы өз толғамын айтты. Мен мұның бәрін өз әкемді асқақтату үшін айтып отырған жоқпын, ал, әкеміздің 1902 жылы туып, 1957 жылы небәрі 55 жасында дүниеден озғаны да, қара домбырасын қолына алып, ең сыйлас адамдарына түнде қисса айтатыны да рас еді. Мен ол кезде (әкем қайтыс болғанда) жеті жастан енді ғана асқанмын, кейіннен білдім, ол кісінің жырлайтыны Шәкәрім қажының дастандары мен Наурызбай – Қаншайым, Кенесары ханға қатысты эпикалық туындылар мен нағашысы Дия қажының көлемді туындылары екен. Неге күй өнері туралы әңгімеге құлықсыз болғаны, біздің ауылға өте сирек келетін адамның менің әкем туралы қоян-қолтық араласқан адамдай сөйлеуі, шынымды айтсам, маған осы уақытқа дейін жұмбақ боп қалғанын айтуды парызым деп есептеймін. Өнер саңлағымен екінші рет кездесуім сексенінші жылдардың басы еді, ол кезде мен Жезқазған педагогикалық институтында қызметтемін, жазда демалысқа ауылға келгенмін. Ол тұста Нәсжан шешеміз тірі еді. Өнерпаз апайымыз келіп жатыр дегенді естіп, сәлем беруге бардым. Мені жазбай таныды. Алайда өнер туралы, киелі күй туралы айтудан бойын аулақ салғаны бірден байқалды. Тек адам баласының өмірге келуі Алланың үлкен сыйы екендігі болса, дүниеден көшуі де заңдылық екендігі туралы там-тұмдап айтқаны есімде. Жарықтық неәуір уақыттан соң, алдымен қызы Нәсжанның, екі-үш жылдан соң өзінің өмірден көшетінін сезді ме екен деп ойлаймын. Міне, қазақтың дүлдүл күйшісі Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы туралы айтпақ ойымыздың бір парасы осындай еді. Саңлақ өнерпаздың 120 жылдық мерейтойы қарсаңында дарынды бауырымыз, даңғайыр өнерпаз Жанғали Жүзбаевтың ойлы дүниесі («Арқалы Аққыз») жарық көрді. Аққыз ананың есімін ардақтау үшін жан сала кіріскен осы бауырыма, інім Болатқа тәңірім барша жақсылығын нәсіп етсін дегім келеді.

Мәуен Хамзин, әдебиетші, ҚР Мәдениет қайраткері, филология ғылымдарының докторы.

(Мақала ғаламтор сайтынан алынды).

Каримова Жанат Ануарбекқызы

Ақтоғай ауданының ту-масы **Каримова Жанат Ануарбекқызы** 64 жасқа қараған шағында 26 мамыр күні мезгілсіз өмірден өтті.



Жанат Ануарбекқызы еңбек жолын 1980 жылы Жезқазған облысы, Ақтоғай аудандық сотының хатшысы қызметінен бастаған. 1983 жылы Қарағанды облысының Әділет басқармасының сот отырысының хатшысы болып ауыстырылып, 1997-2001 жылдар аралығында арналған жаңа штаттық лауазымдар мен штат кестесінің бекітілуіне байланысты Қарағанды облысы, Ақтоғай аудандық сотының аға маман-сот отырысының хатшысы болып қызмет атқарды.

2010 жылы ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 16-бабына сәйкес аттестацияланып, Ақтоғай аудандық сотының кеңесінің жетекші маманы осы соттың бас маманы болып ауыстырылды. 2013 жылы Ақтоғай аудандық сотының кеңесінің кеңсе меңгерушісі лауазымына тағайындалып, 2016 жылы зейнеткерлікке шықты.

Ж.Каримова мемлекеттік қызметкер ретінде ауданымыздың сот саласында, өзінің әділетті, ұстамды мінезімен ерінбей еңбек етіп, сот-құқық жүйесінде жинаған біліктілігін жас мамандарға үйретуге жалықпай, ұжым мен аудан халқының алғысына бөленді.

Ұзақ жылғы еңбегі бағаланып, Қарағанды облыстық сотының, Қарағанды облыстық соттар Әкімшілігінің үздік сот саласының қызметкері, сот-құқық жүйесін дамытуға қосқан салмақты үлесі үшін құрмет және алғыс хаттармен марапатталды. ҚР Президентінің 2016 жылғы 29 қарашадағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл» мерекелік медалімен наградалды.

Қарағанды облысы, Ақтоғай аудандық сотының ұжымы Каримова Жанат Ануарбекқызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Біз үшін орны толмас қаза болды. Жанат Ануарбекқызының есімі әріптестерінің арасында мәңгі ұмытылмайды.

Қарағанды облысы, Ақтоғай аудандық сотының ұжымы.

Еске алу

Аяулы да ардақты бауыр еті баламыз **Бокантегі Жаннұр Жанболатұлының** фәни жалғаннан бақи өмірге өткеніне 16-шы маусымда 40 күн толады.



Әулетіміздің қымбаттысы, «ботам-ау» деп еркелететін Жаннұрымызды мына өмір арамьздан қанша алыстатса да, біз үшін орны толмас жанның жарқын бейнесі жадымыздан ешқашан өшер емес.

«Жазмыштан озмыш жоқ» деген Қолдан келер қайран жоқ, тек бір Алладан медеу тілеп, қол жайып, дұға бағыштаймыз. Көрмеген қызығын, жасамаған жасын артынан ерген бауырларына нәсіп етсін. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, қабіріне Алланың нұры жаусын дейміз.

Періштедей жаның пәк, ойында арай,
Өзінді алған қара жер тойынбады-ай.
Күндер өтіп жатса да сағынышпен,
Жоқтығыңды біз жүрміз мойындамай.
Мәңгілікке ерте кеттің арамьздан,
Қамшының сабындай-ақ мына жалған.
Ботам-ау, сағынышпен еске аламыз,
Отбасы, туған-туыс артта қалған.

Еске алушылар: анасы – Айнұр, ағасы – Саламат, қарындастары – Әмина, Мадина.

Баламыз Жаннұрға арналған 40 күндік Құран бағыштау асы 16-маусым күні Ақтоғай ауылының «Ақсоран» мешітінде беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, бірге оқыған сыныптастары, жұмыстағы әріптестер мен көршілерге хабарлаймыз.

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексің, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-12-65 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Еске алу



Қызыларай ауылының тұрғыны, әкеміз **Қуандық Әлімжановтың** биыл өмірден өткеніне аттай 30 жылдың жүзі болыпты. Жазуға оңай болғанымен, үлкен уақыт. Әкеміз, асқар тауымыз тірі болғанда, 85 жасқа толған мерейжасын тойлар едік. Шара бар ма, Алланың жазуына. Тек артындағы ұрпақтары Құран бағыштап, Алладан рақым нұрын тілейміз.

Әкеме не жақсылық қыла аламын,
Барса екен сауап болып бар амалым.
Әкемді жәннат баққа кіргізіп деп,
Әрдайым бір Аллаға дұғадамын.
Атың өшпес замандардың төсінде,
Әке деген әр перзенттің жүрегінде.
Сен тұтатқан ошақ оты сөнбейді,
Ұрпақтарың уақыт-өмір көшінде, – деп ұзақ уақыт өтсе де, әкемізді сағынышпен еске аламыз. Сені ұрпақтарың ұмытпайды. Жаның жәннатта, төнің рахатта болсын, жан өке!

Сағынышпен еске алушылар: жұбайы – Күләш, балалары, немере-шөберелері, жиеңдері.

Еске алу

Аяулы ана, қамқор әже, руы – Қара, Сарым келіні **Мұхтарқызы Рымкеш** анамыздың өмірден озғанына бір жылдың жүзі болды.



Кімге болса да тірліктің бір күні тоқтайтыны ақиқат. Балаларына аяулы ана, немерелеріне қамқор әже болған анамыз келместің кемесіне мініп кете барды.

Ана, жаным, бір жыл болды өзінді көрмегелі,
Жыл болыпты арулап жерлегелі.
Мейіріңе маңдайдан иіскемей,
Сағыныштан сарғайып шөлдегелі.
Асау аттай арындаған қайран уақыт зымырап барады. Көз алдымызда анамыздың жарқын бейнесі, мейірімге толы жүзі ғана қалды. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын.

Еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері.

Анамыздың жылдық асы 18 маусымда өз шаңырағында беріледі. Туған-туысқа, құда-жекжатқа, танитын барлық жамағатқа хабарлаймыз.

02 ақпан 2022 жылы **Амирханова Роза** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

14 желтоқсан 2021 жылы **Бегимбетова Тамара** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

Еске алу



Ақтоғай ауылында 1975 жылы туып, қазіргі Ә.Бөкейхан орта мектебінде 10 жылдықты аяқтап, алтын ұя мектебімізбен қоштасқанымызға да 30 жыл болыпты. Үлкен өмірге қадам басып, әрқайсымыз қиял жетегінде жан-жаққа қанат қақтық. Еске алып отырсақ, араға жылдар салып ортамыздан бақилық болған сыныптастарымыз **Құлмағанбетов Еркебұлан, Жақберген Шынғыс, Жексенбина Жадыра, Базылбаев Мағмыр, Төлегенов Сәбит, Кәңкебеков Бекзат, Сейтов Азамат, Абдрахманова Нүргүл** өмірден өткен қайран достарымызды биыл мектеп бітіргенімізге 30 жылдықта еске алып, құран бағыштаймыз. Арада біраз жылдар өтсе де сыныптастарымыздың ардақты есімдері, ақжарқын келбеттері, өзiлiмiз жарасып балалықтың балдәуренiн өткізген сол бір сағым күндер жадымыздан өшпек емес.

Сол жылдары мектепті бітіргелі,
Отыз жыл да өтіпті-ау, нәткен уақыт.
Сол кездегі күндер қайда,
Біліндірмей сыйлаған бізге бақыт.
Қарап тұрсақ сол шақтар бақыт екен,
Қызыққа толы қайта келмес уақыт екен.
Көз алдынан елес боп тербелетің,
Мектептегі сол шақтар бақыт мекен.
Бала едік, балғын едік ойнап-күлген,
Тай-құлындай тебісіп, еркін өскен.
Тағдырға шара бар ма, алыстатқан,
Орындарың болсыншы тек пейіштен.
Он жыл жиырма жыл өтті, жылдар да,
Әр достардың қылығы жадымызда.
Фөниден өтіп, келмеске кеткен достардың,
Отыз жылдықта парақтап қалдық тек аттарын ғана.

Марқұмдарды еске алушылар: 1992 жылы бірге мектеп бітірген достары.



Алғысымыз зор

Үстіміздегі жылдың 2 мамырынан 3 мамырға қараған түнде сағат 3:30 шамасында кездейсоқ оқиғаға тап болып, үйімізді өрт шалды. Алаңсыз түнгі ұйқыда жатқан кезде Ақтоғай ауылының тұрғыны, Сейілхан мен Қарлығаның немересі Дәурен Жанболатов үй маңынан өтіп бара жатқанда, терезе қағып оятты. Сыртқа шықсам, шатырдың біразы жанып үлгеріп, кіреберістегі дәліз түтінге толып тұр екен, далаға зорға шықтым. Көршілерді оятып, өрт сөндіру мекемесіне хабарланды. Өрт сөндіру мекемесінің қызметкерлері тез келіп, азаматтар «тілсіз жаумен» 3-4 сағаттай алысты. Үйдің шатыры тегіс, асқоймасы мен сыртқы дәліздің төбелері, оның ішіндегі тұрмыстық заттар аз уақыт аралығында жанып үлгерді. Тілсіз жау Дәурен атты азаматтың арқасында хабарланып, сөндірілді.

Міне, осындай тосын оқиға басымызға түскенде демеу болған, өрт сөндіру мекемесінің азаматтары қырағылық көрсетіп, тез келіп, өртпен алысты. Көршілер, ағайын-туыс, бауырлар мен балалар да тез жетті. Оны қалпына келтіруге ел азаматтары, қазақ салтымен «ұшықсыз болсын» айтып, тілектестік білдірді. Өзіміз еңбек еткен ұжымдарымыз, балалар мен бауырларымыздың еңбек ұжымдары, достары, қолынан келген барлық шаруаға араласып, көмектерін аямады. Қайта қалауға, құрылыс материалдарын тасуға техникаларымен көмектесті. Ақтоғай халқы ұйымшылдық көрсетті, ел ішінде отырғанда қайғы бөліскенде жеңілдейді деген сөзге куә болдым. Үлкендік көрсетіп, басы-қасында тұрған ауыл ақсақалдарына, құда-жекжаттарға, Астанадан, Қарағандыдан (жиендер, т.б.), Жезқазған және Сәтбаев қаласынан, Қызыларайдан, Ақшиден келген азаматтарға, жекелеген оқушыларыма, қайын сіңлілерім мен қайындарыма, көршілеріме, жалпы қол ұшын созған әрбір азаматқа алғысымыз шексіз.

Ауылымыздың тұрғыны Жанболатов Дәурен Сейілханұлына сергектік танытып, ерлікке парпар еңбек көрсеткені үшін қандай сый-сыяпат болса да лайық деп есептеймін, оны тәрбиелеген ата-анасына рахмет айтамын. Басы-мызды иіп, Алпысбайдың балалары мен өз атымнан халқыма үлкен ризашылығымды білдіремін.

Т.Ақпанбаева,
Ақтоғай ауылының тұрғыны.

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!
<https://aqtogaijary.kz/>



Жаңалықтан құр қалмаңыз!

Жыл амалдары

Қазақ ежелден табиғатпен ежелтес халық. Үнемі қоршаған ортаның қас-қабағын бағыт, келер күндегі құбылыстарды мезгілінен бұрын болжап отырған. Және әр құбылысқа айдар тағып, ат таңып қойған. Осының барлығын бір ауыз сөзбен – амал деп атайды. Уақыт өтіп, ауылдан қалаға үдере көшіп, түздің тұрмыс-тіршілігінен қол үзе бастағаннан кейін амал атаулыны ұмытуға айналдық. Бабадан балаға мирас болып күні бүгінге дейін сыры өшпей келе жатқан ұлттық құндылығымызды жасдымызда бір жаңғыртып қойғанды жөн деп санадық. Назарларыңызға көктем, жаз айларында келетін амалдарды ұсынып отырмыз. Ендеше жаттап, естеріңізге сақтап алыңыздар!

Қызырдың қамшысы

Құстар жұмыртқалап болған соң, «Қызырдың қамшысы» амалы келеді. Сәуір айының он бесіннен кейін алғаш рет найзағай ойнап, жаңбыр жауып, жер бусанады. Осы кездегі найзағайдың жарқылын «Қызырдың қамшысы» шартылдады, қыс біржолата кетті» деп есептеген. Сәуір айының соңында 2-3 күнге созылатын суық жел соғып, тобылғы жарған амалы басталады. Яғни бұл кезде де күн салқындап, жаңбыр жауып, күн күркірейді. Қариялар осы кезде тобылғының бүршік жаруы, яғни өсімдіктердің тамыр жаюы деп, «енді жерге көк шығады», – деп қуанады.

Қызыл жұмыртқа

Мамыр айының алғашқы он күнінде бір-екі күнге созылған суық болады. Бұл дала (су) құстарының жұмыртқасынан балапанын шығаратын кезі. Халықтың түсінігінше осы мезгілді «Қызыл жұмыртқа» деп атаған.

Құралайдың салқыны

Құралайдың салқыны шамамен мамыр айының жиырмасына қарай болады, яғни көктемнің үшінші айы мамырдың аяғына қарай қатты суық жел тұрады. Ол жерді біршама кептіргенімен, оны қатты суытып жібереді. Сол кезде тау басына бұлт төніп, аспан бұзылады. Бұл – аң төлдейтін мезгіл. Осы кезде киіктер лақтап болып, құралайын суық жерден тұрғызып, жүгіртіп өргізеді. Киіктердің төлдеуі екі-үш күнге ғана созылады. Мамыр айының аяғында болатын осындай суық күндерді «Құралайдың салқыны» деп атаған. Қазақтар құралайдың салқынын күтіп, одан да сақтанатын болған.

Құс қанаты

«Құс қанаты» ұғымы жыл құстарының көктемде келуіне және күзде қайтуына сәйкес келетін амал. «Құс қанаты» наурыз айының 26-28 күндеріне тиесілі. Көктем мен жыл басы наурыздың соңына қарай жылы жақтан құстар келе бастағанда қар аралас жаңбыр жауады, суық жел тұрады. Мұны халық құс қанаты деп атап амалға жатқызған. Құс жолынан адаспас ұғымы жыл құстарының келіп қайтуына байланысты қалыптасқан. Сондықтан наурыз айының соңғы күндері ауа-райы күрт өзгерсе, қариялар «Жарықтық, құс қанаты ғой, бұл» деп жатады. Ең алғаш өлкемізге келетін құстың бірі – қараторғай. Бұл кезде қайтқан құстардың сусылдаған ызғарынан күн суып, жапалақтап қар жауады. Мұны сол жылғы соңғы қар деп есептейді.

Бесқонақ

Наурыз айының соңы мен сәуірде боран соғып, жаңбыр жауып ауа-райы құбылса «бесқонақ» басталады. Бесқонақ – ежелгі түркілерде қолданылған, күн қозғалысына негізделген күнтізбе. Жыл ұзақтығын 12 айға бөліп және оған қосымша күндермен есептейтін күнтізбе ескі жылдың соңы мен келе жатқан ортасындағы аралық күндер қосымша күндерге саналады. Бесқонақ күнтізбесі қыпшақ, оғыз тіл тобына өтетін түркі халқының күнтізбесіне негіз болған. «Бесқонақ» деп «өліараның» тууына дейінгі көрінбей тұратын күндерді, осы сәуір айында түсетін жауын-шашынды, суық, әрі лайсан күндерді атап, халық осы бесқонақты күтіп, қатты сақтанатын болған, ол бес күнге созылады.

Кей жерде сәуір (көкек) айындағы бесқонақ амалы өтпелі, қазіргі малшылардың өздерін де күн райы қанша тамылжып тұрса да, жайлауға көшпеген. Өйткені бесқонақ амалы кезінде ең болмағанда үш-бес күндік суық, қар аралас жаңбыр болмай қоймайды. Бесқонақ өтісімен арқасын сәл де болса кеңге салып, көктемгі шаруаға дайындалады.

Отамалы

Отамалы сәуірдің онында кіріп, он бесінде шығады. Отамалы деген – оттың, көктің, шөптің амалы деген сөз. Өйткені, 3-5 күнге созылған осы амал кезінде, күн шұғыл суып қарлы жаңбыр жауады. Бөктерлерде едәуір қар да түседі. Артынша күн жылдам жылынып, ылғал мен топырақ қызуынан көк жапа-тармағай тебіндей бастайды. Осы амалға байланысты аңыз бойынша сірінке жоқ заманда көрші ауылдан от алуға барған әйел қайтып үйіне жеткенше бұрқакта адасып, үсіп өледі. Осыдан отамалы атанған. «Отамалы – онына бақса, от алғанша, терісіне бақса оталғанша» деген мақал бар.

Сартан-Зауза

Сартан-Зауза амалы маусымның онында кіріп, он бесінде шығады. Сары атан түйеге мінген Зауза атты қыз құрбан айтта қыдырып, жолда үсіп өлген дейді. Содан Сартан-Зауза атанған.

Үркердің батуы

Мамыр айының ортасына қарай үркердің аспанда мүлде көрінбей кетуін қазақ есепшілері «Үркердің батуы» деп айтады. Маусымның 24-де үркер таң ата батыстан көрінеді де, содан шілде айында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Осы аптаты күндерге орай халық арасында «Қырық күн шілде» деп аталатын халықтық күнтізбелік атау пайда болған. Сонымен қатар, халық жұлдызшылары мен есепшілері «Үркер жерге түспей жер қызбайды» – дейді. Жыл мезгілдеріндегі табиғи ерекшеліктерді Үркер жұлдызының қозғалысына қарап анықтаған. Үркер құрғақ жерге түссе, анызақ жел көп болып, қуаншылық болады, Үркер тасқа түссе, шілінгір қатты ыстық болады, Үркер жерге түсерде қой қыркылады. Үркердің толғағы аталатын амал мал-жанға жайлы кезең, шілде айының орта кезінде басталады. Бұл кезде үркер туады, жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды. Сондықтан қазақ есепшілері үркердің тууы мен батуын үнемі қадағалап, бақылап отырған, шаруашылық маусымдары соған сәйкестендірген.

Таразының тууы

Тамыз айының ортасында ауа райы салқын тартып, қою бұлт пайда болып, алғашқы күз нышаны біліне бастайды. Қазақ есепшілері бұл жұлдыздың шығуына қарап: «Таразы туса – таң салқын, бидай, тары піседі» деп тұжырымдаған. Осы кезеңді таразының тууы деп атайды.
(Материал ғаламтордан алынды).

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**
Директор-Бас редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Кезекші редактор: **Еркебұлан Айтжан**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

